

Жеңіс жалпы білім беретін мектебі

2023-2024 оқу жылындағы МАД 0 «А» сыныбы туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылында МАД 0 «А» сыныбында тоқсан басында 18 тәрбиеленуші мектепке келді. Екінші тоқсан басында 1 оқушы келді, сыныптағы бала саны артты. Сыныптағы 19 баланың 9 қыз бала, 10 ұл бала, ұлттық құрамы 17 қазақ, 2 өзбек ұлтынан болды. Оқу жылы басынан балаларды тәрбиелеу, тәрбиелей отырып білім беру, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды бойларына сіңіру жолындағы іс-шаралар мен жұмыстар атқарылды. Ата-аналармен тығыз байланыста болып баланың даму сатысындағы мүмкіндіктер мен қолға алу қажеттілігіне байланысты түсіндірме жұмыстары жасалды. Мектепалды даярлық тобындағы балалардың физикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылар: танымдық және зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда білім берілді.

Бала бойындағы дағдылардың даму процесі жақсы деңгейде өтті. Сөз айту, сөйлеу, өз ойын айта білу, сөйлем айту, сөйлеу мәнеріне баулу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Таным және зияткерлік дағдылар бойынша логикалық, қызықты ойындар мен тапсырмалар беріліп балалар қызыға тапсырмаларды орындады. Дене жаттығулар мен түрлі ойын байланыстырылған түрде өз деңгейінде өткізілді. Түрлі іс-шараларға қатыстырылды. Ауданда өткізілген республикалық «Мен зерттеушімін» ғылыми жоба сайысына Абдихалық Айжұлдыз Рақымжанқызы қатысып жүлделі 2 орынға ие болды. Абай, Мағжан оқуларына қатыстырылып Абдихалық Айжұлдыз 3 орын алды. Балалар қызығушылықпен білім алды. Оқу жылын аяқтады. Қауіпсіздік ережелеріне байланысты нұсқаулар берілді.













